




Бектемір
№1 «Балапан» балектай-балабақша
менгерушісі:  А.Еришова

Педагогикалық кеңеспен
БЕКІТІЛГЕН
«23» тамыз 2022 жыл №1 хаттама

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022- 2023 оку жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

№1 «Айғөлек» кіші тобы

**Тәрбиешілер: С.Махамбетова
Г.Сейтова**

**Қызылорда облысының Білім басқармасының
Қазалды ауданды бойынша білім белімінің
№ 15 «Балалар» бөекжай-балабақшасы
коммуналдық мемлекеттік мәденийлік кәсіпорнының
меншерушісі** 
А.Еришова

Күн тәртібі

**«Айғолек» кіші тобы
2022-2023 оқу жылы**

Күн тәртібі	Уақыты
Балаларды қабылдау	
Ата-аналармен әнгімелесу, кенес беру	08.00 – 09.00
Балалардың дербес әрекеті (бояу қымылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	
Таңертенгі жаттығу	09.00–09.10
Таңғы ас	09.10–09.50
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық	
Білім беру ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	
Дәрумендік ас	10.30-11.00
Серуенге дайындық	
Серуен	11.00-12.00
Серуеннен оралу	
Түскі ас	12.00 – 12.30
Күндізгі үйқы	12.30 – 15.00
Біртіндеп үйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	15.00 – 15.30
Балалардың дербес әрекеті (бояу қымылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	
Бесін ас	16.05 – 16.30
Балалармен жеке жұмыс	16.30-17.00
Серуенге дайындық	
Серуен	17.00-18.00
Балалардың үйге қайтуы	18.00-18.30

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы МКҚҚ №11 «Балапан» балабақшасы

Топ/сынып №1 «Айгөлек» кіші тобы

Балалардың жасы 2- жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Кыркүйек	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (онға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусактарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бұгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын онға-солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею.
	Сөйлеуді дамыту	1)айналасындағы адамдардың сезін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажыратады; 2)дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды; 3)дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың карқынын, екпінін, күшін есепке алғып, дыбыстарды дәл айтуды қалыптастыруды.
	Көркем әдебиет	ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалау
	Сенсорика/ Математика негіздері	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.
	Коршаған ортамен тәнисстыру	Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау

Құрастыру	1) құрылым материал материалдарынан және ірі конструкторор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; 2) құрылым үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, үй, машина, жиһаздар құрылышының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктірін қалыптастыру
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту.
Мүсіндеу	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.
Музика	Музика тыңдау: 1) музика тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музикалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айтуда: 2)ән айтуда қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айтуда, созылышының дыбысталуға еліктеу отырып ересекпен қосылып ән айтуда, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтудына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; Музикалық-ырғақтық қозғалыстар. 1) музиканың ашық берілген сипаттына сай қимылдар жасау;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шенбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>1) Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>2) Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөйлеу қарқының, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p>
	Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.
Мереке	Сенсорика/ Математика негіздері	Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Қоршаган ортамен тәнистыру	<p>Заттық әлем</p> <p>1) Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (долты домалату, машинаны итеру, куыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшени екіншісіне қою және т. б.) орындауға баулу.</p> <p>2) Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.</p>
	Құрастыру	<p>1) құрылым материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажыратада алуды үйрету;</p> <p>2) қарапайым құрылышты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру.</p>
	Сурет салу	Бейнелерді парапеттің бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу.
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектердің үлкен

	бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бұктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
Музыка	<p>Музыка тыңдау:</p> <p>1)әннің мағынасын түсіну, қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады.</p> <p>Ән айту:</p> <p>2)әнді жеке және топпен айтуды.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>1) музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүргіру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Караша	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Тепе-тендік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сзықтармен шектелген (еңі 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс атауларын білуге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тындау.</p>
Математика	Сенсорика/ Математика негіздері	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету.
	Коршаган ортамен тәнистыру	<p>Еңбекке баулу.</p> <p>Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сұлгілерді ауыстырады және т.б.) үйрету.</p> <p>Адамгершілікке баулу.</p> <p>Ересек адамның сөйлеу интонациясын түсінуге, ажыратуға баулу (жақсы – жаман).</p>
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылымдармен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылымын орналасу нұсқаларымен тәнистыру.
	Сурет салу	Дөңгелек және толқын тәрізді сзықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.

Мұсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мұсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табакты мұсіндеуге қалыптастыру.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, жапсыруға үйрету.
Музыка	<p>Музыка тындау:</p> <p>Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тындау, бұл әуендерді тани білу.</p> <p>Ән айту:</p> <p>Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалактауға үйрету.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Тепе-тендік сақтау жаттығулары. шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жұру.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жұру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.</p> <p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуда мүмкіндік беру.</p>
	Сенсорика/ Математика негіздері	<p>Түрлі көлемдегі геометриялық фигуralарды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
	Қоршаган ортамен тәнистыру	<p>Еңбекке баулу.</p> <p>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындал жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолда Адамгершілікке баулу.</p> <p>Жақындарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу.</p>
	Құрастыру	<p>Қарапайым құрылышты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру.</p>
	Сурет салу	<p>Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.</p> <p>Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p>

Мұсіндеу	Табақты мұсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат және т.б.) мұсіндеу.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршида), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, жапсыруға үйрету.
Музыка	<p>Музыка тыңдау:</p> <p>Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p> <p>Ән айту:</p> <p>Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Кантар	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Тепе-тендік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сзықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге және т. б.): тұру. Қимылды ойындар.</p> <p>Қимылдарды үйлесімді орындауга, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандал жүру және т. б.).</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атауды үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Неғұрым күрделі? (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұраптарға жауап беруге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.</p> <p>Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарастыру.</p>
Мұсіндеу	Сенсорика/ Математика негіздері	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.
	Коршаган ортамен тәнестыру	<p>Табиғат әлемі.</p> <p>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Коршаган ортадағы есімдіктермен тәнестыру.</p> <p>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.) тәнестыру.</p>
	Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыш масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауга мүмкіндік беру.
	Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
	Мұсіндеу	Мұсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға

	орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді тандауға (қарама-карсы түстер) үйрету.
Музыка	Музыка тындау: Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Тепе-тендік сақтау жаттығулары.</p> <p>Қолдарын жоғары көтеру, тұсу; заттардан (биіктігі 10-15см): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.</p> <p>Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (он) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).</p> <p>Спорттық жаттығулар.</p> <p>Шанамен сырғанау: шанаға отырып, тәбешіктен сырғанауга, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үрету;;</p> <p>Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, килю-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көніл-күйін (қуану, құлу, ренжу) білдіретін етістіктерді үрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.</p> <p>Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>
	Сенсорика/ Математика негіздері	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.</p> <p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p>
	Коршаған ортамен тәнистыру	<p>Табиғат әлемі.</p> <p>Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп және т.б.) мен жемістерді (алма, алмұрт және т.б.) ажырату.</p> <p>Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лак, бота және т.б.), аңдармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен</p>

	танистыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылым масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылымдарды атау, қорапқа құрылым бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстай, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сзықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Сазбалышықтың, ермексаздың қасиеттерін үйрету; Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін менгеру (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алғып, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалышықты өздігінен илей алушы) үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфте геометриялық фигуralарды, машиналарды, үйлерді, доптарды орналастырып жапсыруға үйрету.
Музыка	Музыкалық-ырғактық қимылдар Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Карапайым би қимылдарын орындау: колдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылату, журелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені онға, солға бұру, басты онға, солға ию, колдарды сермеу және т.б.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің сонынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше аудыс.</p> <p>Еңбектеу, өрмелдеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тактайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқаның астынан нысанана дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 см, ауданы 50 x 50 см модульге өрмелдеу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза аудада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қыыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын құнделікті ұйықтар алдында тындалатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>«Бұл кім (не)?», «Не істеді?» қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тындауға үйрету.</p> <p>Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды үйрету.</p>	
	<p>Сенсорика/ Математика негіздері</p> <p>Ұлті мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау.</p> <p>Қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын менгерту.</p> <p>Түстердің атауларын дұрыс қолдануды үйрету.</p>	
	<p>Коршаған ортамен таныстыру</p> <p>Табиғат әлемі.</p> <p>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді</p>	

	қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел және т.б. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғайлар, көгершіндер, қаргалар және т.б.), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек және т.б.), маусымға тән табигат құбылыстарын бақылау.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қарапайым құрылышты ұлгі бойынша құрастыру; Құрылыш материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажыратада алуды үйрету.
Сурет салу	Дөнгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеуді үйрету. Қағаздың қасиеттерін білуді үйрету. Қаламды дұрыс ұстауға дағдыландыру. Түстерді ажыратуды және оларды дұрыс атауды үйрету.
Мүсіндеу	Кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып мүсінгдеуді үйрету. Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырып, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруға дағдыландыру.
Жапсыру	Фланелеграфте геометриялық фигуralарды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін және т.б. орналастыру.
Музыка	Музыкалық-ырғактық қимылдар Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәүір	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұгу және ашу.</p> <p>Арқаның бұлышық еттерін және омыртқаның ілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>Жанында тұрган (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, онға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру</p> <p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру</p> <p>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуды үйрету.</p> <p>Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айту, ойыншық, киім, аяқиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атауды үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.</p> <p>Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарастыру.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> <p>Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру, шағын тақпактарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру.</p>
	Сенсорика/ Математика негіздері	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлышық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p>
	Қоршаған ортамен тәнистыру	<p>Табиғат әлемі. «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен тәнистыру.</p> <p>Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) тәнистыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік тәнисту және қамқорлық жасау.</p>

Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылым мен материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
Мұсіндеу	Балалардың сазбалышық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалышықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мұсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалышықты өздігінен илеу) үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру.
Музыка	Музыкалық-ырғактық қимылдар Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Спорттық жаттығулар Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз тұсуге, ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету;</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.</p> <p>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сезін тұсінуге, шағын әнгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p> <p>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.</p> <p>Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> <p>Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру, шағын тақпактарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
	Сенсорика/ Математика негіздері	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлышық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Коршаған ортамен тәнистыру	Табиғат әлемі. «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен тәнистыру.	<p>Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) тәнистыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік тәнисту және қамқорлық жасау.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылым материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма,

	пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Өткенді қайталау.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Өткенді қайталау.
Мұсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мұсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Өткенді қайталау.
Жапсыру	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру. Өткенді қайталау.
Музыка	Музыкалық-ырғактық қимылдар Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Өткенді қайталау.